



# SAQSHY



№ 44/4834/сәрсенбі, 20 қараша 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1933 жылдан бастап шығады



## ҚОРҚОР ТАРТЫП, ҚОР БОЛМАЙЫҚ!

Қалада орын тепкен түрлі дәмхана, мейрамхана мен түнгі клубтарда қорқордың иісіне масайып, рахатына бөленіп отырғандардың саны көп. Әсіресе, түтіні будақтаған қорқорды тартуға жастар тым әуес. Қоғамдық орындарда тыйым салынғанына қарамастан, беймезгіл уақытта қорқорды ашық сататындардың саудасы әбден қызып тұр. Бұған «Учаске» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында елордалық тәртіп сақшыларымен бірге түнгі қалада жүргізілген тексеріс кезінде куә болдық.

Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ,  
суреттерді түсірген  
Медет ӘШІРБЕК

Астана қаласы полиция департаменті, Нұра ауданы полиция басқармасының учаскелік, патрульдік және Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлері бірлесе ұйымдасқан рейдтік шара алдымен олардың саптық жиынынан басталды. Екі қатарға бой түзеген тәртіп сақшылары түнгі сағат 22:00-ден бастап таңғы сағат 06:00-ге дейін қаладағы түрлі көңіл көтеретін орындарға

тексеріс жүргізеді. Әсіресе, кешкі уақытта қалада орналасқан мейрамхана мен компьютерлік клубтарда демалған жастардың қарасы көбеймек. Осыған орай Нұра ауданы полиция басқармасы бастығының орынбасары Мерхат Орақбаев саптағы сақшыларға қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу полицияның күнделікті міндеті екенін ерекше атап өтті.

– Бүгін 16 қыркүйекте басталған «Учаске» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында сіздерге қаладағы ойын-сауық орындары, оның ішінде түрлі дәмханалар мен мейрамханаларда тыйым салынған темекі өнімдерін тұтынудың жолын кесу тапсырылады. Сондай-ақ белгіленбеген уақытта арақ-шарап өнімдерін сату деректерін анықтауды жалғастырасыздар. Орындарды аралау барысында

азаматтармен сенімді қарым-қатынас орнатып, орын алған құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша заңдық тұрғыдан тиісті шешімді дер кезінде қабылдау жүктеледі, – деді ол сөз барысында.

Жалғасы 6-бетте ►►

## ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Егер сіз полицияның маңызды оқиғалары мен жаңалықтарынан хабардар болғыңыз келсе, «ҚР ІІО Медиа орталығы» ЖШС басылымдарына 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылуды ұмытпаңыз!



Басылымдарға жазылу Қазақстан бойынша барлық жазылымды ұйымдастырушы мекемелер арқылы жүргізіледі.



**SAQSHY**  
газетінің индексі: 65395

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
6 айға – 4627,20 теңге

Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
6 айға – 4627,20 теңге

**НА СТРАЖЕ**  
газетінің индексі: 65368

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
6 айға – 4627,20 теңге

Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
6 айға – 4627,20 теңге

**POLISIA.KZ**  
журналының индексі 75744

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:  
6 айға – 7401,60 теңге

Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:  
6 айға – 7401,60 теңге

## ЕЛ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Сербияға барды. Мемлекет басшысын Сербия Президенті Александр Вучич қарсы алды. Сапар барысында жоғары деңгейдегі келіссөздер өтті. Мемлекеттер басшылары екі елдің саяси, сауда-экономика, көлік-логистика және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ынтымақтастығының перспективаларын талқылады.

Қазақ бұлбұлы Бибігүл Төлегенова 95 жас мерейтойын атап өтті. Шарада аңыз әншіге ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан гүл шоқтары табыс етілді. «Астана Опера» театры сахнасында атақты өнер қайраткерлері бас қосып, аңызға айналған әнші Бибігүл Төлегенованы мерейтойымен құттықтады.

Қазақстанда Жылқы шаруашылығы институты құрылды. Мұны 15 қарашада Астана қаласында өткен Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірінші форумы аясында Мемлекет басшысы Үкіметке тапсырған болатын.

Астана қаласында 11 және 18 қараша аралығында өткен «WorldSkills Kazakhstan – 2024» республикалық чемпионатының жеңімпаздары анықталды. Қатысушылар 29 құзыреттілік бойынша бақ сынасты. Республикалық сайыста Түркістан облысының колледж студенттері екі алтын, бір күміс, төрт қола және 11 ерекше медальонға ие болды. Ал республика бойынша жалпы командалық есеппен Түркістан облысы алтыншы орыннан көрінді.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Бразилияда G20 көшбасшыларының саммитінде сөз сөйлеп, Газа секторындағы ауыр жағдайға тоқталды. Оның сөзінше, Таяу Шығыс, Африка және Азиядағы, оның ішінде әсіресе, Газадағы әскери қақтығыстар бейбіт тұрғындардың өмірін тозаққа айналдырып тұр және бұл өңірлердің тұрғындары онымен жалғыз күресуге тиіс емес. Түркия басшысы тағы да соғысты тоқтатуға шақырды.

Пәкістанның Пенджаб провинциясындағы ауаның ластануы бір айда 1,8 миллион адамды ауруға шалдықтырды. Бұл туралы жергілікті билік мәлімдеді.

Биыл планетадағы ауа температурасы 1,5 градусқа жоғарылаған. 2024 жыл ең ыстық жыл болып тарихқа енуі мүмкін. Мұндай деректі Еуропаның «Коперник» Жер климатын бақылау қызметі ұсынып отыр.

Арал аймағының тұрақты дамуына халықаралық қауымдастықты тарту мақсатында Қарақалпақстанның Мойнақ қаласында «Арал табиғатының зертханасы» құрылады. Сондай-ақ Аралдағы экологиялық мәселелер көрмесі мен климаттық технологиялардың «Арал алқабы» көрмесін ұйымдастыру жоспарлануда.

Люкс санаттағы көліктер шығаратын британдық Rolls-Royce компаниясы ғарышты игеру мақсатында ядролық микрореактор жасауға ниетті. Қазір технологияны коммерциялық мақсатта қолдану бойынша келіссөз жүріп жатыр. Өлшемі кішкентай болғандықтан, басқа модульдерге қарағанда мұндай реакторларды пайдалану әлдеқайда ыңғайлы. Оның үстіне экономикалық жағынан да тиімді.

Орталық Азия елдерінен Әзербайжанға барған туристер ішінде қазақстандықтар саны алғашқы орынға шыққан. Әзербайжан туризм мемлекеттік агенттігінің мәліметіне қарағанда, қазан айында Қазақстаннан Әзербайжанға барған туристер саны 8 134 адамды құрады. Бұл осы жылдың басынан бергі көрсеткіштен 42% жоғары.

## Есірткіге қарсы күрес екпін алды

ІІМ-де Ведомствоаралық есірткіге қарсы штабтың отырысында жоғары аудиторлық палатаның тексеру нәтижелері, Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар аясындағы тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды.

Шұғыла ТҰРЛЫБЕК



Іс-шараға мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ, өңір әкімдерінің орынбасарлары қашықтықтан қатысты. Ішкі істер министрлігінің басшылығы көтерген мәселелердің бірі мемлекеттік шекарадағы есірткі қылмысына тосқауыл қою жөніндегі шараларды күшейту болды.

Есірткі зертханаларында қолдануға ыңғайлы прескурсорлардың контрабандасына қарсы күрес бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру үшін қысқа мерзімде тексеру жабдықтарының санын көбейту қажеттігі атап өтілді. Осыған байланысты қажетті техникалық құралдарды сатып алуға бөлінген қаржыны уақтылы және

толық игеру қажеттігі сөз болды. Отырысқа қатысушылар жастарды есірткі тұтынуға тарту, оның ішінде дәріханалық түрлеріне тәуелді қылу деректеріне алаңдаушылық білдірді.

Денсаулық сақтау министрлігіне есірткіге тәуелділерді емдеу және оңалту жөніндегі жұмысты бақылауды күшейту, бұл ретте толық нашақорлар есебін қамтамасыз ету ұсынылды. Оқу-ағарту министрлігінің оқу орындарында жүргізіп жатқан есірткіге қарсы жұмысы да талқыланды. Мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам осы мәселеде профилактиканың барлық қолда бар ресурстарын шоғырландыруға неғұрлым байсалды қарау қажеттігі ескертілді.

Жергілікті атқарушы органдарға бірқатар тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, есірткіге қарсы іс-шараларды қаржыландыру, әкімдіктердің мемлекеттік-құқықтық бөлімдеріне жұмыс органдарының функцияларын жүктеу, өңірлік штабтар мен соның қарауындағы бөлімшелердің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша кешенді жоспардың іс-шараларын уақтылы орындау жөніндегі қызметін жандандыру тапсырылды.

## КИБЕРОРТАЛЫҚ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Абай облысында киберқылмысқа қарсы күрес орталығы ашылды. Бұл заманауи орталық киберқылмыстарға жедел әрекет ету және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы болашақ мамандарды даярлау үшін маңызды алаң болмақ.

Дина ЭМРЕНОВА,  
Абай облысы ПД

Жоба Alikhan Bokeikhan University құқық факультетінің қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қолдауымен жүзеге асырылды. Бұл орталық 25 кәсіби полиция қызметкері мен студенттердің күш-жігерін біріктіріп, олардың білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Киберорталық жұмысы интернет-алаяқтық, хакерлік шабуылдар, жеке мәліметтердің ұрлануы және зиянды бағдарламалардың таралуы сияқты қауіптермен күресуге бағытталған. 2024 жылы облыста интернет-алаяқтықтың 597 жағдайы тіркеліп, оның 78 ісі сотқа жіберілді.

– Киберорталықтың құрылуы – киберқауіптер өсіп жатқан заманда қажет қадам. Біз енді цифрлық ортадағы қауіп-қатерлерге жедел әрекет етіп, азаматтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайынбыз, – деп атап өтті ПД бастығының орынбасары Елдос Закимов.

Орталықтың ашылу рәсімінде Абай облысының өңірлік коммуникациялар қызметінің өкілдері мен журналистердің қатысуымен баспасөз туры өтті. Шара қонақтары заманауи жабдықтарды және орталықтың жұмысын ұйымдастырудағы бірегей әдісті бағалады.



Жиында Абай облысы полиция департаментінің бастығы Бектөре Сұлтан мен Alikhan Bokeikhan University Президенті Шырын



Құрманбаева ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл қадам білім беру мекемелері мен құқық қорғау органдары арасындағы серіктестікті нығайтып, білікті мамандарды даярлау үшін жағдай жасайды.

– Киберорталық біздің студенттер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Мұндай жағдайда тәжірибелік жұмыс жүргізу цифрлық әлемге қажетті нағыз мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Шырын Құрманбаева.

## МОПЕДТІ ТІРКЕУ МІНДЕТТЕЛЕДІ

Еліміздің жол қозғалысына қатысты заңнамасында бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұл туралы Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі Шыңғыс Алекешев апта басында өткен онлайн брифингте хабарлады.

Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Жол қозғалысын реттейтін жаңа заңнамалық толықтырулар екі кезең бойынша іске асады. Олардың негізгі бөлігі осы жылдың желтоқсан айында, ал екінші кезеңі 2025 жылдың сәуір айында қолданысқа енгізілмек. Жаңа нормалар жолдардағы қауіпсіздікті арттыруға, апатты азайтуға және азаматтардың денсаулығы мен өмірін сақтауға бағытталған.

Қабылданған негізгі өзгерістердің бірі – халықаралық және республикалық маңызы бар жолдардың түзу сызықты учаскелерінде қозғалыстың орташа жылдамдығынан асып кеткені үшін жүргізушіге жауапкершіліктің қатаңдатылуы. Енді қала шетіндегі трассалардағы екі камера арасындағы жол учаскесінде белгіленген жылдамдықты асырғаны үшін жүргізушіге әкімшілік айыппұл салынады. Айыппұл жылдамдық лимитінің қаншаға асырылғанына қарай бес айлық есептік көрсеткіштен 40 айлық есептік көрсеткішке дейін (18 460-тан 147 680 теңгеге дейін) белгіленген. Яғни, егер рұқсат етілген жылдамдық 60 км/сағат болып, ал жүргізуші 120 км/сағатпен немесе одан да жоғары жылдамдықпен жүрсе, онда оған аталған мөлшерде айыппұл төлеу міндеттеледі.

Тағы бір маңызды өзгеріс – мопедтерге міндетті мемлекеттік тіркеуді енгізу. Мопедті басқаратын жүргізушілер енді көлік құралын тіркеуге, сондай-ақ, А1 санатындағы жүргізуші куәлігін алуға міндетті. Егер жүргізушіде «А» немесе «В» санатындағы жүргізуші куәлігі болса, онда ол мопедті басқару құқығына ие

болады. Одан бөлек ІІМ ресми өкілі Шыңғыс Алекешев жүргізушілердің жауапкершілігін арттыру мақсатында енді көлік құралын мас күйінде басқарғаны үшін ұсталған және көлік басқару құқығы жоқ адамдар жеті жыл ішінде жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыра алмайтынын атап өтті.

Сонымен қатар жол ұйымдары қызметкерлерінің жауапкершілігіне де қатысты өзгерістер бар. Бұдан былай жолдар мен жол құрылыстарын күтіп-ұстауда қайталанған бұзушылықтар болған жағдайда неғұрлым қатаң жауапкершілік белгіленетін болады. Мұндай заң бұзушылықтар үшін айыппұлдар кәсіпкерлік субъектісіне қарай 15-тен 40 АЕК-ке дейін болады.

# ҚАЗІРГІ ЗАМАНЫҢ ҚАҒАРМАҢДАРЫ



**Қарағанды қаласында ерлігімен көзге түскен полиция қызметкерлері мен ұландық сарбаздар ұлықталды.**

**Ақмарал ҒАЛЫМҚЫЗЫ**

Ішкі істер министрлігінің бастамасымен еліміздің әр өңірінде «Қазіргі заман қаһармандары» республикалық акциясы өтті. Қорытынды шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен ҚР ІІМ Ақпараттық саясат департаментінің бастығы Шыңғыс Алекешев арнайы қатысты. Сондай-ақ түрлі жағдайда азаматтарды құтқарып қалған антына адал тәртіп сақшылары мен Ұлттық ұлан қызметкерлері жиналды.

Акцияның мақсаты – ел үшін туған ерлердің отаншылдығын үлгі ету. Шара лаңкесті ұстау кезінде ерлікпен қаза тапқан Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың құрметіне арналды.

Шараға жиналғандар алдымен қызмет бабында жүріп қайтыс болған полиция қыз-

меткерлеріне арналған мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін Б.Бейсенов атындағы ҚР ІІМ академиясында өткен дөңгелек үстелге қатысты.

Қазіргі заман қаһармандары «Жас сақшы» кадет сыныбының оқушыларымен кездесіп, ерлік тақырыбында әңгіме өрбітті. Әр кадет сыныбына ерлікпен қаза тапқан тәртіп сақшыларының есімі берілген.

Салтанатты шара Кеншілер мәдениет сарайында өтті. Онда еңбегі еленген тәртіп сақшыларына марапаттар табысталды.

– Бүгін біз батылдық, арнамыс және адалдықтарымен мемлекеттің күші мен әділдігіне деген сенімді нығайтатын азаматтарға құрмет көрсету үшін осында жиналды. Сіздер – батырсыздар, нағыз қорғаушысыздар! Қала қа-

уіпсіздігі мен тұрғындардың тыныштығын сіздер қорғап жүрсіздер. Сіздер – қазіргі заманғы полицияның жарқын үлгісісіздер, – деді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Бұдан кейін сөз алған ҚР ІІМ Ақпараттық саясат департаментінің бастығы Шыңғыс Алекешев тәртіп сақшыларының жанқиярлық әрекеттерін жиналған жұртқа паш етті.

– Тәуелсіздік жылдарында елімізде қызметтік борышын өтеу кезінде 819 тәртіп сақшысы қаза тапты. Бұл акцияның діттеген мақсаты – полицейлердің батырлығын еске алып қана қоймай, қоғамға қызмет етудің шынайы құндылықтарын насихаттау. Күн сайын 10 мыңнан астам полиция қызметкері қоғам қауіпсіздігі үшін сапқа тұрады. Олар қызмет бабында халықтың қауіпсіздігі жолында өмірлерін қауіп-қатерге тігіп қана қоймай, кей кездері жандарын беруге де дайын екенін атап өткен жөн, – деді Шыңғыс Амангелдіұлы.

Сахнаға 15 полиция қызметкері мен Ұлттық ұлан өкілдері шықты. Олар ерлік көрсеткені үшін мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды.

Олардың арасында Денис Шемет те бар. Ол өз өміріне қауіп төнгеніне қарамастан, жатығу кезінде мерзімді қызметтегі сарбазды граната жарылысынан аман алып қалды. Осы ерлігі үшін Денис Шемет Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Айбын» орденімен марапатталды. Ал патрульдік полиция инспекторы Бүркіт Алшынбаев автобус пен балаларды тасымалдайтын жүк көлігінің соқтығысуының алдын алды. Учаскелік инспектор Дамир Қорғанбаев өрттен адамдарды құтқарып қалған. Кездесуге суға батып бара жатқан балаларға көмек көрсету үшін суға түсіп, құтқаруға талпынған азаматтар да қатысты.

Салтанатты жиынға қызмет бабында қаза тапқан полиция қызметкерлерінің туыстары және Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың кіші ұлы Әділжан Байтасов қатысты. Шара барысында оларға естелік сыйлықтар табыс етілді. Кеш мерекелік концертпен аяқталды.

Салтанатты жиынға қызмет бабында қаза тапқан полиция қызметкерлерінің туыстары және Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың кіші ұлы Әділжан Байтасов қатысты. Шара барысында оларға естелік сыйлықтар табыс етілді. Кеш мерекелік концертпен аяқталды.

## ЖЕТІ КҮН



✓ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөліністерінің қызметкерлері жыл басынан бері 14 күдіктіні ұстады. Олар өздерін полиция қызметкерлері ретінде көрсетіп, азаматтардан ақша бопсалап, алаяқтықпен және қылмыстық «қамқорлық көрсетумен» айналысқан. Қараша айында Шымкентте полиция қызметкері кейпіне енген бір топ адам «қамқорлығы» үшін ай сайын 1,5 млн теңге алып отырған.

✓ ІІМ-де «Дәрмек» жоспардан тыс операциясының қорытындысы жарияланды. Рейдтік іс-шара кезеңінде прекурсорлар мен медициналық препараттарды қолданатын мыңнан астам ұйым, оның ішінде 721 дәріхана, 77 қойма, 159 емдеу-профилактикалық мекемесі және 129 өнеркәсіптік кәсіпорын тексерілді. Әкімшілік жауапкершілікке 191 лауазымды тұлға тартылды, оның ішінде – 108 медицина қызметкері. Сақтау шарттарын бұзғаны үшін 44 мың таблетка және 14 мың ампула психоактивтік препараттар айналымы шектелді.

✓ Алматы облысында құқық қорғау органдары 11-15 қараша аралығында құжатсыз жүрген азаматтарға көмек көрсету мақсатында ауқымды іс-шара өткізді. Бұл бастаманы Көші-қон қызметінің қызметкерлері БҰҰ және Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі халықаралық бюро өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастырды. Республикалық акция басталғаннан бері 39 азамат жеке басын куәландыратын құжатқа қол жеткізді.

✓ Биыл Алматыда табиғатты қорғау бекеттерінде 25 мыңнан астам құдық бұзушылық анықталды. Жергілікті полиция қызметінің мәліметінше, қалада 19 табиғатты қорғау бекеті бар. Олар қаланың периметрі бойынша орналастырылған. Ластаушы заттардың мөлшері бойынша нормативтерден асатын автокөліктерді және басқа да жылжымалы көлік құралдарын пайдаланғаны үшін 25154 әкімшілік хаттамалар толтырылды. Айыппұлдың жалпы сомасы 437 млн теңгеден асты.

✓ Атырауда жыл басынан бері мал ұрлығына қатысты 27 қылмыс ашылды. Қараусыз жүрген жерінен жоғалған 70-тен аса мал басы полициямен жүргізілген іздестіру шараларының нәтижесінде табылып, иелеріне қайтарылды.

✓ Халықаралық студенттер күніне байланысты Ақтөбеде «Нашақорлыққа жол жоқ!» акциясы өткізілді. Жергілікті атқарушы органдардың ұйымдастыруымен және полиция қызметкерлерінің қатысуымен өткізілген шара 150-ден астам жастың басын қосты. Олар 200-ге жуық есірткі жарнамасын жойды.

✓ Ақмола облысында құрамында алтыны бар материалды заңсыз өңдейтін екі шағын цех жойылды. Заңсыз жабдықтарды пайдаланып келген тұлғалар Заводская кенті мен Степногорск қаласының тұрғындары болып шықты. Қазіргі уақытта екі оқиға бойынша да сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

✓ Петропавлда ювеналды полиция инспекторлары «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасы қарсаңында бірнеше мекенжайға барды. Тәртіп сақшыларынан бөлек, аталған іс-шараға Камелетке толмағандардың істері жөніндегі Комиссияның, Қорғаншылық органдарының және Аналар үйінің өкілдері қатысты. Ата-ана міндеттерін орындамаудың екі дерегі тіркелді.

✓ Қызылордада полицейлер шетел азаматтары жасаған 2146 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Жыл басынан облыс аумағында түрлі мақсаттармен 18670 шетел азаматы уақытша тіркеуге алынды. Оның ішінде 18330 ТМД елдерінен болса, ал алыс шетелдерден 340 азамат тіркелген. Тіркелгендердің басым көпшілігі – Өзбекстан, Тәжікстан, ҚХР және Түрік мемлекетінің азаматтары. Биыл 10 айда жалпы 3056 құқық бұзушылық анықталған.

# Бас Ассамблея: Ортақ мүдде. Ортақ мақсат

**Таяуда Ұлыбританияның Глазго қаласында Интерполдың 92-ші Бас Ассамблеясы өтті. Дәстүрлі басқосуға біздің еліміздің атынан Ішкі істер министрлігі Интерпол Ұлттық Орталық бюросының бастығы, полиция полковнигі Мерей Мақұлжан қатысты.**

**Гауһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ**

Төрт күнге созылған шараға Интерполға мүше елдерден құқық қорғау органдары мен министрліктер атынан мыңнан астам өкілдер мен басшылар қатысты. Бас Ассамблея Интерполдың жаңа Бас хатшысын және Атқару комитетінің тоғыз жаңа мүшесін сайлаумен қатар, негізгі мәселелерді қарастырды. Ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі саудасына қарсы күрес, сондай-ақ көші-қонға және цифрлық дәлелдерге қол жеткізуге қатысты мәселелер талқыланды.

Сессия барысында ұйымның жалпы және рәсімдік ережелеріне, атап айтқанда, Арнайы комитеттің таратылуына енгізілген кейбір өзгерістер қаралды. Бұл комитеттің міндеттері енді Басқару комитеті және Деректерді өңдеу комитеті сияқты басқа тұрақты комиссияларға беріледі. Ассамблея заманауи мүмкіндіктерді меңгеруге басымдық беріп, биометриялық технологияны, полиция қызметінде жасанды интеллектті қолдану секілді стратегиялық тақырыптарға кеңінен тоқталды.

Халықаралық жиын аясында қазақстандық бюро қылмыстың алдын алу және технологияларды құқық қорғау қызметіне интеграциялау саласындағы негізгі пікірталастарға белсенді қатысты. Қазақстанның биометриялық мүмкіндіктерді кеңейту және аймақтық қауіпсіздік пен қылмысқа қарсы күрес стратегияларын нығайту мақсатында жаһандық полиция қызметінде жасанды интеллектті пайдалану мәселелерін талқылауға қосқан үлесі маңызды нәтижелердің бірі болды. Сондай-ақ «Интерполдың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Бас келісім» жобасын әзірлеуді қолдау жөніндегі келіссөздерге қатысты. Бұл келісім Қазақстанның халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігердегі тұрақты рөлін көрсете отырып, барлық мүше елдерде ұйымның тиімді және тәуелсіз қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Халықаралық тергеу және трансұлттық қатерлерге қарсы күрес саласындағы өзара іс-қимылды жақсарту үшін жаңа тетіктерді ұсынды. Ішкі істер қызметкерлері үшін тренингтер мен білім беру курстарын өт-



кізу туралы келіссөздер де назардан тыс қалмады. Бірнеше елдермен және Интерполмен біздің құқық қорғау органдары қызметкерлерін арнайы оқытуды, соның ішінде Гейгер жобасымен байланысты радиоактивті және қауіпті материалдарды анықтау және қауіпсіз өңдеу, киберқауіптерге қарсы тұру және күресу үшін жаңа технологияларды қолдану бойынша курстарды ұйымдастыруды жоспарлады. Киберқылмыс, ұйымдасқан қылмыстың топтар мен көші-қон қылмыстарын, оның ішінде адам саудасын ашу бойынша тренингтерді өткізу туралы келісімдерге қол жеткізді. Интерполдың ұлттық бюросы белсенділік таныта отырып, бұдан өзге де ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды.

– Делегация күдікті тұлғалардың мониторингін және лаңкестік әрекеттер туралы деректермен алмасуды жақсартуға бағытталған мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа жолдарын ұсынды. Бұған лаңкестерді, олардың байланыстары мен операцияларын қадағалау үшін деректер қорын жасау және жетілдіру кіреді. Қылмыскерлерді анықтау үшін биометриялық технологияларды қолдануды кеңейтуді ұсынды. Бұл шекара қа-

уіпсіздігі мен бақылауды күшейту, сондай-ақ, халықаралық қылмыспен күресу үшін мемлекеттер арасында деректер алмасу механизмдерін жетілдіру жобаларымен байланысты. Сондай-ақ қауіпсіздік стандарттарын жетілдіру және Интерполға мүше елдер арасында тәжірибе мен озық практикалық дағдылармен алмасу үшін халықаралық платформалар құру мәселелерін ұсынды, – деді Интерпол Ұлттық Орталық бюросының бастығы Мерей Әметайұлы.

Қазақстандық өкіл Интерполдың жаңа басшылығын сайлауға арналған диалогқа қатысып, ұйымдасқан қылмыс пен адам саудасы сияқты жаһандық қауіпсіздік мәселелерін шешуде тиімді көшбасшылық қажеттігін жеткізді.

Тағы бір ерекше тоқталатын жағдай, осы кездесу аясында Еуропа Вице-Президентіне және басқа аймақтардан келген делегаттарға ерекше назар аударылды. Қазақстан, Египет, Португалия және Бахрейн қатысқан пікірталастар полицияның халықаралық ынтымақтастығында консенсусқа қол жеткізудің маңыздылығын көрсетті.

Интерполдың Атқару комитеті – әлемнің әртүрлі аймақтарын ұсынатын 13 мүшеден тұратын негізгі басқару органы. Ол Бас Ассамблея қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауға және Бас хатшылықтың іс-әрекеттерін басқаруға жауапты. Комитет саясатты әзірлеуде шешуші рөл атқарады. Интерполдың жаһандық қауіпсіздік мәселелерін шешуде өз операцияларында бейтараптықты сақтауын қамтамасыз етеді. Сайлау процесінде Интерполға әрбір мүше ел Атқару комитетіндегі лауазымдарға кандидаттарды ұсына алады. Одан соң Бас Ассамблея аймақтық өкілдікті, Интерполдың халықаралық мақсаттарына адалдықты қамтамасыз ете отырып, мүшелерді сайлауға дауыс береді.

Жыл сайынғы жиын келесі жылы Марокконың Марракеш қаласында өтеді. Бұл кездесу болашақта трансшекаралық қылмыс пен терроризмге қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды жалғастырады деп күтілуде.

## АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

## ЖЕЛІДЕ ЖАЛҒАН ЖАРНАМА КӨП

СҚО аумағында интернет-алаяқтықпен күреске бағытталған «Anti fraud» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізілуде. ЖПІШ бірінші күнінде СҚО ПД Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері Петропавлдың ірі базарларының бірінде жадынама таратты.

Игорь МЕРЦАЛОВ,  
СҚО ПД Баспасөз қызметі

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында айтқан «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру өмірдің барлық салаларында, оның ішінде ақпараттық жүйелерді пайдалануда қауіпсіздікті нығайтуды талап етеді.

нет-алаяқтық, оның ішінде бұрын жасалған төрт алаяқтық дерегі анықталды. Сондай-ақ облыс тұрғыны тауарларды басқа біреудің банк



Қалалық әкімдіктің Жастар ресурстық орталығының еріктілерімен бірге тәртіп сақшылары адамдарға алаяқтықтың кең таралған тәсілдері туралы айтып берді. Биылғы 10 ай ішінде СҚО-да 606 интернет-алаяқтық жасалды. Оның жартысына жуығы, яғни, 289 дерек «Банктен қоңырау шалу» схемасы бойынша жасалған.

Бұдан басқа ЖПІШ шеңберінде веб-кеңістіктің мониторинг күшейтілді. КПБ жедел қызметкерлері танымал хабарландыру сайттарын, әлеуметтік желілердегі жұртшылықты тексереді. Шараның бір күнінде заңсыз мазмұны бар сайттарға 10 сілтеме мен жалған хабарландырулар анықталды.

– Бұл сілтемелерді бұғаттау үшін «Кибернадзор» жүйесіне жіберілді. Іс-шара барысында алты интер-

картасымен төледі деген күдікпен интернет-алаяқтықтың тағы бір дерегі белгілі болды, – дейді СҚО ПД КПБ бастығы, полиция полковнигі Иван Терзиди.

Интернет арқылы тауарларды сатып алу кезінде алдаудың үлесі әлі де жоғары. Көбінесе жалған жарнамалар Instagram-да (85 дерек) және OLX-те (70 дерек) пайда болады. Полицейлер облыс, қала тұрғындарын қырағылық танытуға шақырады.

Тәртіп сақшылары тұрғындарға «Егер сатушының адалдығына сенімді болмасаңыз, тауарлардың ақысын төлемеңіз, «Банктенбіз» деген қоңырауларға сенбеңіз және өзге адамдардың қысымымен бейтаныс қосымшаларды орнатпаңыз. Егер интернет-алаяқтыққа күдік болса, «102» арнасына хабарласыңыз» деп кеңес берді.

## БАҚЫЛАУСЫЗ ЖҮРГЕН БАЛАЛАР

Жамбыл облысы полиция департаментінің бастығы Бақытжан Малыбаев кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлармен және учаскелік полиция инспекторларымен жұмыс кеңесін өткізді.

Гүлсара МҰХТАРҚҰЛОВА,  
Жамбыл облысы

Ювеналдық полицияның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты азайту.

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатаңдатуы талап етті. Жасөспірімдермен де, оларға қатысты да қылмыс жасалуына жағдай жасайтын қараусыздық фактілерін жою қажет. Ел Президенті жол инфрақұрылымының қауіпсіздігі мәселелеріне де ерекше назар аударды. Балалар арасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізу керек, – деді Б.Малыбаев.

Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қолайсыз отбасылық жағдайда тұратын балаларды анықтау және оларға көмек көрсету бойынша бірқатар тапсырмалар берілді. Департамент бастығы азаматтардың өтініштеріне жедел ден қоюды, халықпен кері байланыс орнатудың маңыздылығын атап өтті. Жүйелі негізде түнгі рейдтер

жүргізу, кәмелетке толмағандарға темекі өнімдерін сату фактілерін анықтау тапсырылды. Тағы бір ерекше назар аударатын мәселе – ойын клубтары мен ойын-сауық орындары. 2024 жылдың 10 айында полиция қызметкерлері 2214 рейд және алдын алу шараларын ұйымдастырды. Барлығы 12913 әкімшілік хаттама толтырылды.

Түрлі қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ішкі істер органдарына 8537 кәмелетке толмаған жеткізілді.

Міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 859 ата-ана ҚР ӘҚБТК-нің 127-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Кәмелетке толмағандардың түн уақытта ойын-сауық орындарында болуына жол бергені үшін ҚР ӘҚБТК-нің 442-бабы бойынша 7036 ата-ана жауапқа тартылды. Кафелер мен барлардың 202 әкімшісіне 4 млн 288 мың 500 теңге айыппұл салынды. Сондай-ақ 196 дүкен иесіне де жасөспірімдерге ішімдік өнімдерін сатқаны үшін 14 млн 80 мың 400 теңге айыппұл салынды.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ:



Ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы өмірімізді жеңілдеткенімен, кей жағдайда соның салдарынан сан соғып қалатын кездер де кездеседі. Жасанды интеллекті мақсатты қолданып, орынды пайдаланудың маңызы жоғары. Бүгінде бұл бағыт сан салаға енді. Алайда оның мүмкіндіктерін өздерінің айла-шарғысына қолданатын алаяқтардың да барын ескерген жөн.

Гауһарай ЕСИМОВА,  
суреттерді түсірген  
Медет ӘШІРБЕК

Жасанды интеллекті пайдаланатындардың әрекеті көбіне интернет-алаяқтық қылмысымен қабысып жатады. Аталмыш қылмыс түрінің барлығы біз көтерген тақырып аясында орын алмаса да, ара-тұра тұрғындарды қақпанына түсіретіндер бар. Сонымен жасанды интеллект дегеніміз не?

Жасанды интеллект (Artificial Intelligence - AI) – адамның интеллектуалды қабілетін қажет ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті бағдарламалар мен жүйелерді құрумен айналысатын технологиялық құрал. Жасанды интеллект оқытуды, логиканы, жоспарлауды, сөйлеуді тануды, қабылдауды және осы секілді қызметтермен қатар, есептерді шешуді имитациялауға және талдауға тырысады. Бұл бір жағынан уақытты үнемдеуге, көптеген өзекті мәселелерді шешуге, оларды бақылауға көмектескенімен, адамдардың ойлану дағдысын шектейді. Дайын бағдарлама тұрғандықтан, оны қолданушылар жасанды интеллектіге иек артып, өз қабілетін шыңдаудан гөрі, оңай жолды таңдағанды жөн көреді. Сөз басында айтып

кеткеніміздей, бұл жүйе еліміздегі барлық жүйеде көрініс тапты, ал ішкі істер органдарындағы тиімділігі, оның қолданыстағы маңызы, сондай-ақ, ел тұрғындарының қауіпсіздігіне қандай қатері бар, соған тоқталсақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қазіргі таңда қылмыстық-атқару жүйесі толықтай бейнебақылау жүйесімен жабықталды. Заманауи құрылғылар адамның жеке басын анықтап қана қоймай, жасалған құқық бұзушылықты анықтауға мүмкіндік беретін жасанды интеллект жүйесіне ие. ҚАЖ комитетінде барлық бөлімшелердің бейнебақылау жүйелері таратылатын ахуалдық орталық құрылды. Бүгінгі таңда олардың бір бөлігі орталыққа қосылған. Сонымен қатар қадағалаушы прокурорлар үшін бейнесуреттерді қашықтан қарау мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа ахуалдық орталыққа ұялы байланыс сендіргіштерінің және адам мен жүктерді тексеру қондырғыларының белсенділігінің жай-күйін мониторингтеу жүйелері шығарылатын болады.

Жалпы, жаппай бейнебақылауды енгізу пенитенциарлық мекемелерде құқықтық тәртіпті сақтауды және төтенше жағдайлар мен қылмыстарға жол бермеуді қамтамасыз етуге бағытталған. Міне, бұл тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектінің оң әсеріне көз жеткізуге болады. Алайда алаяқтар осы жүйенің көмегімен түрлі адамның кейпіне еніп, халықты шығынға батырған жағдайлар да жоқ емес.

Жыл басынан бері ел аумағында интернет-алаяқтық бойынша 17 мыңнан астам іс тіркелген. Бүгінде оның 3500-і ашылып, 3000-ға жуығы сотқа жолданды. Соның нәтижесінде бір жарым мыңнан астам адам жауапкершілікке тартылды. ҚР ІІМ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция майоры Қаныш Тұрғанбекұлының айтуынша, жасанды интеллект элементтерін таргеттік жарнамалар арқылы байқауға болады.

## «Дауыс беруге шақыратын сілтемелерге өтпеу керек»

Instagram, Telegram секілді әлеуметтік желілерде 2-3 минутты ғана қамтитын таргеттік жарнамалар жіберіледі. Кей жағдайда мұндай жарнамаларды алаяқтар да жолдайды. Олар еліміздегі беделді адамдардың, блогерлердің, әншілердің дауысын жасанды интеллекті қолдану арқылы өздеріне керек мазмұндағы мәтінге пайдаланады. Алайда мұқият қараған жағдайда, олардың мимикасы мен даусы сәл басқаша, яғни, өзгеріске ұшырағанын аңғаруға болады. Алаяқтар адамдардың жеке мәліметіне қалай қол жеткізеді? Көбіне олар WhatsApp желісіне дауыс беруге арналған сілтемелер жібереді. Сілтемені басқанда WhatsApp желісіндегі дауыстық хабарламасына қол жеткізеді, сол дауысты жасанды интеллекті жүйесіне салып, өз мақсаттарына пайдаланады. Дәл осы жасанды интеллектіге байланысты интернет-алаяқтық қылмыстары көп кездейспейді. Осы ретте тұрғындарға айтарым, мүмкіндігінше бөтен нөмірден дауыс беруге шақырған сілтемелерге өтпеңіздер!

Қазір өздерін Ұлттық банк және құқық қорғау органдары қызметкерлері ретінде таныстырып, «Сіздің шотыңызға қатысты күмәнді операциялар орындалып жатыр» деген желеумен онлайн несие алғызатын немесе өзге де алдау операциялар жасайтын алаяқтар бар. Құзырлы орган қызметкерлері ешқашан WhatsApp желісінің аудио мен бейнеқоңырауларын қолданбайды. Мысалы, бейнеқоңыраумен хабарласып, артқы жағына ҚР Мемлекеттік Туын қоятындар, полицияның нисанды киімін киетіндер бар. Мұқият қараған жағдайда, оның жалған екеніне көз жеткізуге болады.

Сондай-ақ өздерін полиция қызметкері ретінде таныстырып, «Сіздің балаңыз адам қағып кетті, сол



ҚР ІІМ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция майоры Қаныш АШЖАНОВ

үшін осылай әрекет жасаңыз» деп нұсқаулық беретіндер де кездеседі. Мұндай жағдайда адамдар сасқалақтап, не істерін білмей қалады. Телефон тұтқасын баласына берген болып, сөйлестіргендей болады. Кейіннен сұрағанда, соған ұқсас дауыс болғанын жеткізеді.

Ал кейбір тұрғындар алданғанын біліп тұрса да, алдау операциясын соңына дейін жеткізеді. Артынан «Гипноз жасады» деп жатады. Шын мәнінде, ешқандай да гипноз емес.

«Жақыныңыз жол апатына түсті» деген сылтаумен хабарласатын жасанды интеллекті қолдана ма?» деген сұрақты елордалық жедел уәкіл Айдар Қонысбекке де қойдық. Ол мұндай жағдайда адамдар мазасыз күй кешіп, арбауға тез түсетінін айтты. Телефонның ар жағынан шыңғырған, жылаған дауысты естіген жақындары шын мәнінде кімнің даусы екеніне мән бермейтін көрінеді. Кейін жәбірленушілерден «Нақты сіздің балаңыз-

дың дауысы ма, әлде соған ұқсас дауыс па?» деп сұрағанда, олар байбаламға салынып жүргенде, қатты көңіл бөлмейтіні белгілі болды.

Елорда аумағында жыл басынан бері 4100-ден аса интернет-алаяқтық дерегі тіркелді. Оның бүгінде 730-ы ашылып, сотқа жіберілді. Айдар Қонысбек жасанды интеллектінің кейбір элементтерін пайдалану арқылы айлаларын асырып отырған алаяқтардың барын айтып, Әріптесінің сөзін қуаттаған ол

солардың бірі аудио немесе видеолар арқылы диалог құру кезінде алаяқтар өздерінің бет-әлпеттерін ауыстыратынын тілге тиек етті. Олар «Банк картаныз бойынша күмәнді операциялар өтіп жатыр немесе алаяқтарды ұстау бойынша арнайы операция жүргізілуде» деген жалған ақпаратқа сендіретін болып шықты. «Ақшаны алаяқтардан сақтау үшін қауіпсіз шотқа аудардым» деп ойлаған тұрғындар кейде тұзаққа өздері барып түседі.

# КҮНГЕЙІ МЕН КӨЛЕҢКЕСІ

## «Бастығының дауысымен дыбыстық хабарлама жіберіп...»



Астана қаласы полиция департаменті Криминалды полиция басқармасының жедел үкілі, полиция аға лейтенанты **Айдар ҚОНЫСБЕК:**

Жасанды интеллект элементтерін құрайтын қылмыстар трансшекаралық бағытта жүреді. Көбіне олар – Ресей, Украина елінің азаматтары. Жедел-іздістіру шараларының нәтижесінде IP ме-

кенжайлары бойынша осы елдерді көрсетеді. Кей жағдайда VPN-ды өзгертіп, жасырын IP мекенжайларды қолданады, ол кезде Германия секілді басқа елдер шығады.

Бізде жақында мынандай дерек тіркелді. Ірі мемлекеттік мекемелердің бірінің бастығы атынан «Қазір саған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері хабарласады, саған бір-екі сұрақ қояды» деп орынбасарына дауыстық хабарлама жіберген. Оған орынбасары сенеді. Әлгі айтқан комитет қызметкерлері хабарласып, «Сіздің шотыңызда күмәнді операциялар жүріп жатыр» деген ескі схемамен дроптардың шотына екі миллион теңге аудартып алған. Алайда жәбірленуші «102» желісіне дереу хабарласқан. Соның нәтижесінде банктер арқылы біз дроптың шотын шұғыл бұғаттауға қол жеткіздік. Бұл іс бойынша ақшаның тең жартысы қайтарылды.

Жыл басынан бері астаналық тұрғындарға интернет-алаяқтардың кесірінен 3 млрд теңгеге жуық шығын келді. Кейбіреулер қайтаруға мүмкіндігі келмесе, тағайындалған жазаны өтейді. Барынша қайтару бағытында жұмыстар атқарып жатырмыз.

Бұрын екінші деңгейлі банктердің бірінен несие алсаңыз, бес минуттан кейін келесі бір банктен несие алуға болатын. Бұл дерек базаға келесі күні енетін. Бүгінде заңнамаға сәйкес, алынған несие дереу базаға еніп, келесі банктен алуға әрекет жасасаңыз, төлем қабілетіңіз тексеріледі.

Астаналық жедел үкілі интернет-алаяқтар көбіне Whats App желісі арқылы хабарласатынын айтты. Олар өте көп мөлшерде SIM-карталарды алып, осында тіркеп, шетелге алдырады. SIM-бөкс құрылғыларын орнату арқылы нөмірлерді шетелде

отырып-ақ басқара береді. Бір SIM-бөкс құрылғысында 128 SIM-карта болады. Жақын күндері астаналық полицейлер 11 SIM-бөкс құрылғысын тәркілеген. Оның 5-еуі қосылған болса, 6-ауы әлі қолданылмаған. Соның нәтижесінде қаншама тұрғын-

ның алаяқтарға алдануының алдын алды. Сонымен бірге шетелдіктер жеңіл ақша табатын табыс ретінде ел азаматтарын пайдаланады. Олардың атына тіркелген SIM-карталарды қолданып, арам ойларын іске асырады.

## «Жасанды интеллектіні қолдану – заман талабы»



**Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,**  
Л.Н.Гүмилев атындағы ЕҰУ  
Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті деканының орынбасары:

Әлемдік саяси және экономикалық тұрақсыздық жағдайында жасанды интеллект ықпалы ақпараттық кеңістікті жайлап алды. Жаңалықтың сенімділігі мен бұқаралық ақпарат құралдарының тұрақтылығы қазіргі таңда ең өзекті мәселеге айналып отыр. Медиа саласындағы сарапшылардың пікірінше, интернеттегі контент жасанды жолмен әзірленеді. Сондықтан журналистер мен ақпарат агенттіктерінің алдында маңызды сұрақтар туындауы мүмкін. Тек контент қана емес, ақпарат тарату қызметі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Өйткені жақын арада Search Generative Experiences

(SGE) іздеу технологиясы енгізіліп, жасанды интеллект басқаратын көптеген чат-боттар жылдам әрі тез оқылатын жаңалықтарды ұсынатын болады. Сондай-ақ Facebook және X (Twitter) әлеуметтік желілерінің трафиктерінің бірден қысқаруы аудитория ауқымын тарылтуы мүмкін. Бұл өз кезегінде редакцияның экономикалық жағдайына да әсер етеді. Журналистикаға белсенді түрде еніп кеткен жасанды интеллект контент құруға ғана емес, әрбір редакцияның зияткерлік меншігін қорғауына да әсер етуде. Әлемдегі алпауыт ақпарат құралдары авторлық құқықты қорғау үшін заңгерлерді жалдауға мәжбүр болып отыр. Редакцияның стратегиялық жоспары мен өзіндік брендині сақтаудың қаншалықты маңызды екенін енді түсінетін боламыз. Оның үстіне қазіргі жастар мен білімі аз аудитория алгоритмге құрылған жаңалықтарды пайдаланып, дәстүрлі БАҚ-ты мүлдем қажет етпейді. Сондықтан жасанды интеллект көмегімен келген жаңа медианың мүмкіндіктерін игеріп, тәуекелдерді басқаруды үйрену маңызды.

Ең танымал халықаралық Reuter ақпараттық агенттігі соңғы жаңалықтарды бақылап отыру үшін жасанды интеллект технологиясын пайдаланады. Бұл технология іске қосылғаннан кейін журналистер жаңалықтарды қадағалау үшін көп жұмыс жасамайды. Графика мен деректер визуализациялау құралдары арқылы жаңалықты толықтай безендіруді қамтамасыз етуге болады. Деректер нақты уақыт режимінде баспагердің веб-сайтында автоматты түрде жаңартылады. «Вашингтон Пост» медиа үйі де «робот-журналистика» немесе жай «автоматтандырылған журналистиканы» қолданады, яғни, жаңалықтар жазуда жасанды интеллект көмегіне сүйенеді. «The New York Times» ақпараттық агенттігі де жасанды интеллект негізіндегі «Редактор» қосымшасын енгізді.



**ТҮЙІН.** Жасанды интеллектіні қолданып, ұттық па, ұтылдық па?! Бұл – уақыт бағамындағы пайым. Себебі ол ұсынатын мүмкіндік пен қатерді таразылау – өзіңіздің еншіңізде.

## АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

# Алтын күз мерекесі

**М.Есболатов атындағы Алматы академиясының тыңдаушылары мен курсанттары арасында арайлы алтын күзге арналған күзгі балл өткізілді.**

**Гүлнәр МАҒЗҰМОВА**  
Алматы қаласы

Табиғат сан алуан түске боялатын берекелі күз айының небір таңғажайыптарын бейнелеген сайыс барысында қатысушылар әртүрлі номинациялар бойынша жарысқа түсті.

Ерекше салтанатпен өткен «Күзгі балл» сынына қатысушылар әуелете ән шырқап, күмбірлете күй тар-

Ал әділқазылар алқасының шешімімен Елбек Сапаров пен Балауса Қошқарбай 2024 жылдың «Күз ханзадасы» және «Күз ханшайымы» атанды.

Ардагерлер кеңесінің төраға-



тып, мың бұрала би билеп, мерекені нағыз өнер жарысына айналдырды. Жарыс қорытындысында бірінші орынды 1 «б», екінші орынды 2 «б» және үшінші орынды 2 «а» курстары жеңіп алса, бас жүлде 1 «а» курсына бұйырды. Бастапқы кәсіби даярлық курсының тыңдаушылары «Көгермен көзайымы» номинациясына ие болды.

сы, генерал Т. Қабденов пен академия бастығының уақытша міндетін атқарушы, полиция полковнигі Ж.Ділбарханова бастаған әділқазылар алқасы тыңдаушылар мен курсанттардың өнеріне ризашылық білдіріп, жеңімпаздарды және қазақ, орыс, шетел тілдерінде ән шырқаған өнерпаздарды әртүрлі сыйлықтармен марапаттады.

# СОТТАЛҒАНДАР ДӘРІГЕРЛІК ТЕКСЕРУДЕН ӨТТІ

**Алматы қаласы бойынша ҚАЖД-ның №72 мекемесі (тергеу изоляторы) – 1360 адамға арналып, әлемдік стандартқа сай салынған мекеме. Сонымен қатар мұнда 60-қа жуық шаруашылық қызметіндегі сотталғандар жазаларын өтейді.**

**Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ**  
Алматы қаласы

Тұтқындар мен сотталғандардың денсаулығын қадағалау, диагноз қою және емдеу жұмыстарын ұйымдастыруда қыруар шаруа атқарылады. Мекеменің медицина қызметі аумақтық жағынан 24-ші емханамен және 4-ші қалалық клиникалық ауруханамен бірлесіп жұмыс істейді.

Жақында аталған мекемеде шаруашылық жасағындағы жазасын өтеушілерді профилактикалық тексеру жұмыстары жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы №174 бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізілген профилактикалық тексеру жұмыстарына №24 қалалық клиникалық емханасының басшысы Г.Маякова, емдеу-профилактикалық жұмыс жөніндегі орынбасары М.Әлиева және №72 ме-

кемедегі медициналық бөлімнің меңгерушісі Д.Нұрдинова және акушер-гинеколог, психиатр, хирург, дерматолог, лор және травматолог дәрігерлер қатысып, сотталғандарға әртүрлі диагноздар қойылды және медициналық ұсыныстар тағайындалды, ал кейбіреулері әрі қарай тиісті жоспарлы емдеу үшін диспансерлік есепке алынды.

Тексеру барысында сотталғандар арасында быр және созылмалы басқа да аурулардың алдын алу мақсатымен ультрадыбыстық-зерттеулерден өткізу жұмыстары ұйымдастырылды. Мұндай іс-шаралар ауруларды уақтылы анықтау және оларды емдеу бойынша жұмысты жеңілдетеді.



## АЛДЫҒЫ ТОЛҚЫН



## АРДАГЕР АРДАҚТАЛДЫ

**Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі белсенділігі, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытында сіңірген өлшеусіз еңбегі үшін отставкадағы милиция подполковнигі Маданиет Арыновқа «Тереңкөл ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.**

Сәуле МУСИНОВА,  
Павлодар облысы ПД

Маданиет Арынов 1936 жылы 13 қазанда дүниеге келген. Талғар ауылшаруашылығы техникумын бітірген. Ішкі істер органдарындағы қызметке 1969 жылы кірісті. 16 жылын Қашыр АІБ-нің Кадр және тәрбие жұмысы жөніндегі жұмысына арнап, жас мамандарды қызметке баулуға үлкен үлес қосты.

1985 жылдың қыркүйегінде Краснокутск аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды. Білікті басшы құқық қорғау органында жемісті еңбек ете жүріп, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Ардагерден көп нәрсені үйренген жас әріптестері бүгінде өздерінің біліктілігімен, қасиеттерімен көзге түсіп, полицияның абыройын асқақтатып жүр.

Маданиет Арынов қызметтік міндетін адал атқарып, аудан тұрғындарының тыныштығын ұзақ жылдар бойы қамтамасыз етті, қылмыспен күресте көп тер төкті. Жауапты істе табандылық танытып, кейінгі мамандарға өнегелі ісімен үлгі болған ардақты ардагер бірқатар қызметте болды. Оның еңбек жолы негізінен Қашыр, қазіргі Тереңкөл ауданымен тікелей байланысты. Краснокутск халық депутаттары кенттік Кеңесінің төрағасы және депутаты, «Коммунистік еңбек» аудандық газетінің құқықтық тәрбие жөніндегі штаттан тыс бөлімінің меңгерушісі, «Знание» аудандық қоғамы төралқасының мүшесі болды.

1991 жылы 22 қарашада Маданиет Арынов құрметті еңбек дема-

лысына шықты. Жұмыс барысында бірқатар мемлекеттік, аймақтық және ведомстволық деңгейде марапатталған. Ардагер – «Мінсіз қызметі үшін» I, II, III дәрежелі медалі, «Ерен еңбегі үшін», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл», «Милиция үздігі», «КСРО ІІМ үздік насихаттаушысы», «КСРО Азаматтық қорғаныс үздігі» төсбелгілері мен Құрмет грамоталарының иегері.

Маданиет Шәріпзадинұлының отбасылық еңбек өтілі 63 жылды құрайды. Жұбайы Дардана Мұқышқызымен бірге төрт бала өсіріп, тәрбиеледі. Сол балаларынан бүгінде жеті немере сүйіп отыр.

Тереңкөл ауданы әкімінің атынан әкімнің орынбасары Раушан Ибраева ардагерге құттықтау хаты мен медалін табыс етті. Ол өз сөзінде Маданиет Арыновтың қазіргі және болашақ ұрпаққа үлгі болуға лайықты жан екенін атап өтті. Маданиет Шәріпзадинұлы өзінің адами қасиеттері, адалдығы мен парасаттылығының арқасында айналасындағылардың, аудан тұрғындарының ыстық ықыласына бөленді. Павлодар облысы ІІБ ардагерлер кеңесінің және Ұлттық ұланның төрағасы Бақберді Абраев ардагерге ұзақ жылдар бойы мінсіз қызметі мен өскелең ұрпақтың дүниетанымын дұрыс қалыптастыруға қосқан үлкен үлесі үшін алғыс айтты.

Өз кезегінде ардагер құрмет көрсетіп келген барша жұртқа ризашылығын білдіріп, батасын берді.



**Жас сақшылар Жезқазған қалалық полиция басқармасында болып қайтты.**

Нұр ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
Ұлытау облысы ПД  
Баспасөз қызметі

Осыдан бір ай бұрын қаламыздағы №3 орта мектеп базасында алғаш болып ашылған «Жас сақшы» сыныбының кадеттері Полиция басқармасының жұмысымен танысуға келді.

Жас сақшылардың полиция әлеміне саяхаты басқарманың мұражайынан басталды. Мұражай 2012 жылы ІІМ құрметті ардагері, отставкадағы милиция полковнигі Аманбек Мұқатаевтың бастамасымен ашылды. Мұнда ішкі істер органдарының өткен күндерінен сыр шертетін көптеген құнды жәдігерлер қойылған.

Ұлытау облысы ІІО Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманбек Мұқатаев жас сақшыларға кадет сыныбының есімі берілген милиция генерал-майоры М.Құрмановтың өмірі мен еңбек жолы жөнінде әңгімеледі. Ол – Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасын 12 жыл басқарып, артына өшпес із қалдырған тұлға.

Мұражайдан кейін жас сақшылар кезекші бөлімдегі «Бірыңғай

қалалық бейнебақылау жүйесі» орталығында болды. Онда балалар қаладағы қауіпсіздікті қалт жібермей қадағалайтын тәртіп сақшыларының жұмысымен егжей-тегжейлі танысты. Балалар қырандай қырағы полицейлердің әр қимылды бақылап отыратынына таң қалып жатты. Тіпті қоқысты дұрыс тастамаған азаматтардың өзін бақылап, тиісті шара қабылдап жатқанын көріп, қаланың қауіпсіздігі сенімді қолда екеніне көз жеткізді. Балалар өздері оқитын мектептің де осы бақылау жүйесіне қосылғанын көрді.

Болашағын құқық қорғау саласымен байланыстырғысы келетін жас сақшыларға полиция қызметінің қыр-сырымен танысу ерекше маңызды болды. Ертенгі ел қорғаны, қауіпсіздік пен тыныштықтың кепілі болар бұл балалар бүгіннен бастап, заң мен тәртіптің үстемдігін танып-білуде.

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ҚОРҚОР ТАРТЫП, ҚОР БОЛМАЙЫҚ!



Түнгі мезгілде жүзеге асқан тексеріс кезінде бір топ полиция қызметкерлері Астана қаласының Нұра ауданына қарасты ойын-сауық орындарын аралады. Тәртіп сақшылары алдымен Қабанбай батыр даңғылы бойында орын тепкен «Шишка Premium» лаундж-барына бас сұқты. Түтін басқан жерде темекінің иісінен адамның басы айналып, өзіңді бірден жайсыз сезінесің. Полицейлер бір ғана мейрамхананың өзінен кальян тартқан 15-20-ға жуық адамды анықтады. Әсіресе, олардың қатарында жас жігіттер мен қыздардың саны басым. Дәмханада түтіннің бұрқыратып, қорқор тартқандарды тәртіп сақшылары тез арада жеке басын анықтап, айыппұл салды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 441-бабы 1-бөлігіне сәйкес тыйым салынған орындарда темекі өнімдерін, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар өнімдер мен қорқорға арналған темекіні тұтынуға қатысты құқық бұзған азаматтарға 15 АЕК есебінде айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар құқық бұзушылыққа жол бергені үшін дәмхана иелеріне 20-дан 60 АЕК есебінде айыппұл салу көзделген, – деді Нұра ауданы ПБ-ның учаскелік полиция инспекторы Әділ Ерікұлы.

Қорқорды тұтынатындардың қатары тіптен көп екенін полиция қызметкерлерімен қоғамдық орындарды аралау барысында куә болдық. Дәл осы зиянды өнім арқылы тұтынушыларын көбейтуді көздейтін кәсіпкерлер қонақтарға түрлі түспен жан-жағына жарық шашқан кальян өнімдерін үстелге жайғастырған. Солардың бірі – Тұран даңғылында орналасқан «Hookahplace.jungle» мейрамханасы. Ашылғанына жарты жыл ғана болған екі қабатты көңіл көтеру орнында қорқор шеккендердің қарасы тіптен көп болды.

Мұнда көңіл көтеріп, демалу үшін келдік. Кальянды асықпай, тамақ ішкен соң пайдалану қажет.

Кальян кәдімгі темекіге қарағанда, денсаулыққа аса зиянды емес деп ойлаймын. Меніңше, айыппұлды бізге емес, оны ұсынып отырған мейрамхана иесіне салуы қажет деп есептеймін, – деді мұндағы қонақтардың бірі.

Дегенмен заңға бағынбай, зиянды өнімді көпшілікке ұсынған аталған мейрамхана иесі осымен бір жылда екінші рет айыппұл алып отырғаны анықталды. Заңсыздықтарға жол бергені үшін оған 70 мың теңге көлемінде айыппұл салынды. Ескертүлерді елемеген кәсіпкерге полиция қызметкерлері рейдтік шара барысында тиісті профилактикалық әңгімелер жүргізді. Сөзіне сенсек, мейрамхана иесі бұл заңсыз әрекетін енді қайталамайтынына сендірді.

Соңғы жылдары мұндай темекі өнімдерін жастардан бөлек, ересектер де жиі тұтынады. Сон-

дықтан ойын-сауық орындары тыйым салынған заттардан бас тарта алмай, заңсыз жұмыс істеуде. Жеке кәсіпкерлер түсетін табысты ғана ойлайды. Өкінішке орай, адам денсаулығына келетін қауіпті ұмыт қалдырады. Екі тарап та өз жауапкершіліктерін жете түсінуі қажет. Жұма, сенбі күндері жүргізілетін түнгі тексеріс барысында біз көңіл көтеру орындарында қорқор өнімдерін ұсынған кәсіпкерден бөлек, оны тұтынған адамдарға жеке-кей айыппұл салғанды жөн көреміз. Осы арқылы олардың бұл зиянды әдеті тыйылғанын қалаймыз, – деп түсіндірді Нұра ауданы ПБ бастығының орынбасары Мерхат Орақбаев.

Еске сала кетейік, елімізде Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен 2013 жылдың 14 наурызынан бастап қоғамдық орындарда кальян шегуге тыйым салынған болатын. Алайда әлі күнге дейін заңға қайшы келіп, ойын-сауық орындарында қорқорға қор болғандардың көлемі жылдан-жылға көбеймесе, азайған емес. Демалу-дың ермегіне айналған қорқордың түтіні кәдімгі темекіге қарағанда 14 есе көп екен. Адамның ағзасын ұлайтын зиянды өнім тыныс алу жолдарынан бөлек түрлі вирустық ауруларға түрткі болуы ғажап емес. Зерттеу нәтижелеріне сенсек, бір сағат қорқор тарту – жүз тал темекі шегумен пара-пар. Ал қорқоршылардың күніне қанша сағат тартатынын кім білсін? Түбінде жанған көмірдің түтіні тұнып тұратын қыздырылған темекі өнімі қандай қоспалардан әзірленетінін де ешкім білмейді. Полиция қызметкерлерінің сөзінше, оған есірткі заттары да қосылуы мүмкін болатын жағдайлар кездесіп жатады. Бұл қорқордың зиянды әсерін тіптен күшейте түседі. Танымалдылығы артқан өнімді бірден тыю мүмкін емес. Сондықтан Жергілікті полиция қызметі заңсыздықтарды анықтау мақсатында рейдтік шараларды жүргізуді тоқтатпайды.



# АЙБАТТЫ АТТЫ ПАТРУЛЬ



**«Ер қанаты – ат» демекші, халқымыз ежелден аттың үстінде қаққан қа-зықтай мығым отырып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз еркін сермеген. Ұлттық болмысымызбен астасқан ұлттық өнер бүгінде ішкі істер саласында қайта жанданған. Атап айтсақ, СҚО полиция департаменті, Петропавл қаласы полиция басқармасы Патрульдік полиция батальонының жанынан құрылған Кавалерия бөлімшесі өңір тұрғындарының тыныштығын күзетуде табысты еңбек етуде.**

Еліміздің солтүстігі саналатын Петропавл қаласында құрылған атты полиция жасағында бүгінде 17 азамат қызмет етеді. Республикамызда сирек кездесетін бұл қызмет түріне тек мықтылар ғана іріктеліп алынады. Таңдаулылар тақымына басқан сайгүлінің сырын жақсы біліп, оларды күтіп-баптауға міндетті. Бұл жөнінде бізге бөлімше коман-

тәттілерін беріп, еркелетуді де ұмыт қалдырмайды.

– Кавалерия бөлімшесінің қызметкерлері қала сыртындағы көлік қатынасы жоқ мөлтекаудандар мен саяжайларды патрульдейді. Одан бөлек техника бара алмайтын жерлерге қызметтік аттармен жету тиімдірек. Соның арқасында бұл аймақтарда жиі орын ала-

**Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН,  
(Суреттер СҚО ПД  
Баспасөз қызметінен  
алынды)**

маңызды іздестіру жұмыстарында қызметкерлер ат үстінде бірнеше сағатын өткізуі мүмкін, – дейді жұмыс барысы туралы бөлімше командирі Жақсылық Серікұлы.

Күші мол, жүрісі өнімді жылқы

жануарын тізгіндеген тәртіп сақшылары биыл көктемде болған төтенше жағдай кезінде сырт қалмады. Солтүстік Қазақстан аумағын қызыл су басқан тұста дәл осы қызметтік аттардың көмегімен эвакуация жұмыстары жүзеге асырылған.

– Көктемде орын алған су тасқыны кезінде Петропавл қаласының сырт аймағында орналасқан Заречный ауылын да су басты. Осы кезде Кавалерия бөлімшесінің қызметкерлері аймақта бұзақылықтар жиі орын алмас үшін күні-түні күзетті. Тұрғындарды басқа аудандарға көшіру жұмыстарына да белсенді қатысты. Өкінішке орай, ел басына қиын күн туған кезде бұзақылар су алған аудандарда бос қалған үйлер мен түрлі құрылыс орындарына ұрлыққа жиі түсті. Төтенше жағдай кезінде тәртіп сақшыларының

полицейінің сөзінше, бөлімшедегі жылқылардың барлығы ер жынысты. Табиғатынан мінезді болатын жылқы жануары өзін күтіп-баптайтын кавалеристке бой ұйретуі үшін біраз уақыт қажет. Бөлімшеге орналасқан жаңа қызметкерге алғашқыда қорадағы жылқылармен танысып, олардың жанында жиі уақыт өткізу міндеттелетін көрінеді. Бір қызығы, қызметтік жылқылар жалғыз жүргенді ұнатпайды. Сондықтан кавалерист-полицейлер ауыл-аймақты патрульдеуге кемінде екі қызметкер болып шығуға тырысады. Сондай-ақ қызметтік аттар үнемі ветеринариялық тексерістен өтіп отырады.

– Қыс мезгілінде Кавалерия бөлімшесінің жұмысы уақытша үзіліс алады. Себебі солтүстік аймақта қыс мезгілі қатал. Жер мұзды әрі тайғақ



ешқайсысы шет қалмады, – дейді ол. Атты жасақтың жұмысын ұйымдастыратын командир Жақсылық Серікұлы жастайынан ат құлағында ойнап өскенін айтады. Ол Солтүстік Қазақстан облысының М.Жұмабаев атындағы ауданында дүниеге келген. Жақсылықтың полиция қызметін таңдауына ішкі істер саласында көп жылдар бойы түрлі қызметте еңбек еткен нағашылары себеп болады. Бүгінде полиция қызметкерінің ішкі істер органдарында қызмет етіп жүргеніне 14 жылға жуық уақыт өтіпті.

– Ауылда өскен соң төрт түлік малды баптауға жақын болдық. Әсіресе, жылқыларды ерекше жақсы көретінмін. Кішкентай кезімде аттың үстінен түспей, кең далада еркін шауып, балалармен жарысатынбыз. Сондықтан шығар, кавалерия қызметі өзіме жақын. Басқа қызметке ауысқым келмейді, – дейді командир.

Қызметке қабылданатын жылқы малының мінезі жұас әрі қозғалысқа елті болуы тиіс. Кавалерия

болады. Қатты боран мен суықтан қызметкерлердің денсаулығына зиян келуі мүмкін. Осыған орай қабылданған бұйрықтың аясында атты полиция жасағы қыста ауа райы 20-25 градустан төмен болса, қызметтік міндеттерін босатылады. Қыс уақытында қызметкерлер батальон қатарында қала көшелерін патрульдеу жұмысына кіріседі, – дейді Жақсылық Серікұлы.

Солтүстікқазақстандық Кавалерия бөлімшесі мектеп оқушыларына қызметтік аттарды қызықтауына мүмкіндік беріп, жиі экскурсия жұмыстарын жүргізуді қолға алған.

– Балалар аттарды сипап, тамақ бергенді қызық көреді. Полиция жұмысын таныстыратын мұндай іс-шаралар қаламызда жиі өтіп тұрады. Бұған қоса психологиялық дамуы тежелген балаларға емдік иппотерапия жұмыстарын жүргізуге қатысамыз. Сырқат балалар ат үстінде серуендеп, жанына дауа табады. Олардың кейбіреуінің келіп жүргеніне екі-үш жылдан асқан. Дамуында ерекшелік бар мұндай балалар алғаш келгенде оларға жануарды сипауды, жанына жақын баруды үйретеміз. Келесіде олар өз қолымен аттарға алма, қант сияқты түрлі тәттіні беруді үйренеді. Кейін атқа мініп үйренеді, – дейді қызмет барысымен бөліскен тәртіп сақшысы.

Осылайша жолсыз мекенге жолаушылатып, түрлі құқық бұзушылықтар мен жайсыздықтардың орын алуына жол бермейтін кавалерист-полицейлер қоғам тыныштығы үшін қарқынды жұмыс жасауда.



дирі Жақсылық Серікұлы толығырақ айтып берді.

– Кавалерия бөлімшесіндегі қызметкерлердің барлығы дерлік ауылдың білекті келген мықты жігіттері. Сондықтан болар, олар жастайынан жылқы малын қалай күтіп-баптау керек екенін жақсы біледі. Атқа еркін мініп, түседі. Еш қорықпайды. Бұл – қызметкерлерге қойылатын басты талап. Қаланың шет аудандарын патрульдеу кезінде түрлі оқиғаға куә боламыз. Оқыс оқиға орын алса, полиция қызметкерлерінің ат үстінде өзін еркін ұстауы аса маңызды, – деді ол сөз басында.

Арғымақ мінген сақшылар көктемде сәуір айынан бастап күз мезгілінің соңына дейін қызметін жалғастырады. Олардың негізгі міндеті – қоғам қауіпсіздігі мен тұрғындар тыныштығын сақтауға атсалысу. Қазіргі сәтте Кавалерия бөлімшесінде 13 қызметтік ат қолданылады. Олардың әрқайсысын бөлімшедегі қызметкерлер күтіп-баптайды. Жылқы өте кірпіяз, кербез болып келеді. Сондықтан бөлімшедегі әр қызметкер өзіне бекітілген қызметтік аттардың тазалығына да аса ден қояды. Тіпті кейбір қызметтік жылқыларды кавалерист-мамандар сусабынмен жуындарады. Арасында олардың сүйіп жейтін алмасы мен

тын ұрлық қылмыстарының жолы кесіледі. Сондай-ақ қаладан шеткері тұратын қарт адамдарға қоғамда белең алған интернет-алаяқтық туралы түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Жергілікті тұрғындар тек оң көзқарасын білдіреді. Олар атты полиция жасағының көшелерде жиі жүргенін қалайтынын айтып жатады. Сонымен қатар кавалерия қызметкерлері суға шомылу маусымы басталған кезде қалалық жағалауларды да бақылауына алады. Жылқы малын халқымыз ертеден көлік ретінде қолданған. Мәселен, қызметтік аттар арқылы біз бес шақырым жерді бір-екі сағатта еңсере аламыз. Бұл, әсіресе, қалада адамдар мен балалар жоғалып кеткен кезде өте маңызды. Мұндай

**Арғымақ мінген сақшылар көктемде сәуір айынан бастап күз мезгілінің соңына дейін қызметін жалғастырады. Олардың негізгі міндеті – қоғам қауіпсіздігі мен тұрғындар тыныштығын сақтауға атсалысу. Қазіргі сәтте Кавалерия бөлімшесінде 13 қызметтік ат қолданылады.**



## ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында үздік учаскелік инспектор, патрульдік және ювеналдық полицей анықталды.



Қарапайым халықтың қайнаған тіршілігінің ортасында жүретіндіктен, оларға таяқ та бірінші тиеді, алғыс та арқалап жатады. Полицияға қатысты сын мен мін тағылса да, соның көбі осы қызмет өкілдеріне қарата айтылады. Қарауындағы үйлердің қақпасын қағып, әр отбасының сыры мен мұңына еріксіз куә болып жүретіндер де – осылар. Ішкілікке салынып, шаңырағының берекесін алған маскүнеммен, есірткіге есі кеткен нашакормен, тәнін саудалаған жезөкшемен, отбасының ойранын шығарып жүрген озбырмен, түзеу мекемесінен шықса да түзу жолға түсе қоймаған есерсоқпен де бетпе-бет келетіндер – солар. Сырт көзге оңай көрінгенімен, бұл қызметтің көпке біліне бермейтін ауыртпалығы көп, жауапкершілігі мол, қиындығы жетіп артылады. Мұның сыртында күнделікті жұмысында сан қилы адаммен жолықтыратын қызметтің қауіпі мен қатері тағы бар.

Жақында СҚО полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы «Өз кәсібін үздігі» байқауын өткізді. Оған 27 қызметкер қатысты. Олар дене шынықтыру және атыс даярлығынан, жауынгерлік күрес әдістерін меңгеруден

сынақтар тапсырды. Сонымен қатар қызмет барысында қолданатын барлық заңдар мен кодекстер бойынша тестілеуден өтті. Байқау оңай болған жоқ. Дегенмен сыннан сүрінбей өткендер жеңіс тұғырынан көрінді.

Учаскелік инспекторлар арасы-



да қатысушылардың үлкені Мамлют аудандық полиция бөлімінің 45 жастағы қызметкері Александр Рогачев жеңімпаз атанды. Ювеналдық полицейлер арасында Қызылжар ауданының полиция бөлімінен келген Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аға инспектор Жамбыл Кәкжанов жеңіске жетті.

Нұрбек БАЕКИН,  
СҚО ПД Баспасөз қызметі

Сондай-ақ Патрульдік полицейлер арасында облыстық ПД патрульдік полиция батальонының аға инспекторы Антон Сұлтангелдинов көш бастады.

– Байқауға барлығы өте жоғары деңгейде дайындалып келген. Қарсыластарымыз осалы болмады. «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» деген бар ғой. Байқауға барымызды салдық. Күнделікті дене дайындығымен айналысып жүргендікі шығар, өзіме кейбір тапсырмалар қиындық тудырмады. Оның үстіне біз күн сайын республикалық маңызы бар автожолдарда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететміз, құқық бұзушылықтарды анықтаймыз, адамдарға көмек көрсетеміз. Жол үстінде әртүрлі жағдайлар болады, бәріне дайын болуымыз керек, – дейді Антон Сұлтангелдинов.

Байқауда үздік атанғандар өңір намысын республикалық деңгейде қорғамақ. Жергілікті полиция қызметі бөлімдеріне жетекшілік ететін СҚО ПД бастығының міндетін атқарушы Құрманғали Ысмағұлов жеңімпаздарды марапаттап, ҚР Ішкі істер министрлігінде өтетін байқаудың қорытынды кезеңіне сәттілік тіледі.

## Сақшылар Шахматтан сынға түсті

Таяуда полиция қызметкерлері арасында шахматтан турнир өтті. Бұл шараны ««Динамо» спорт және дене шынықтыру қоғамы» қоғамдық бірлестігінің филиалы және облыстық шахмат федерациясының бас төрешісі Аралбек Махмұтов ұйымдастырды.

Асылай ЖҰМАЖАНОВА,  
Атырау облысы ПД

Турнирде Атырау облысы полиция департаменті, қалалық полиция басқармасы, №1, №2 қалалық полиция бөлімінің қызметкерлерінен құралған 11 қызметкер бақ сынады.

кері, полиция кіші сержанты Сайфулла Санжан II орынды иеленді. Олар



Тартысты сайыстың қорытындысы бойынша өзгелерден озып шыққан Атырау қаласы полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Шыңғыс Әбдіров I орынды, Атырау қаласы полиция басқармасының қабылдап-тарату орнының қызмет-

Алматы қаласында өткізілетін республикалық турнирге жолдама алды. Ал Атырау облысы полиция департаменті жылдам қимылдайтын арнайы жасақ тобының аға инспекторы, полиция майоры Айбол Әлібекұлы жұлделі III орынды қанжығасына байлады.

## Сотталғандарды серпілткен сайыс

Батыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты №27 мекемесінде «Білімдіге дүние жарық» атты интеллектуалды сайыс өткізілді.

Жадыра ИБРАЕВА,  
БҚО бойынша ҚАЖД

Сайыстың негізгі мақсаты – деструктивті діни ағым, экстремизм және терроризм бабымен сотталғандарды теологиялық оңалту және қоғам құндылықтарына бейімдеу.

Шараға 16 сотталған қатысты. Олар төрт топқа бөлініп, командалық ойын үлгісін көрсетті. Сайыс барысында сотталғандар діни сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар салт-дәстүр кезеңінде де білімдерін сынады.

Әдеби жанр сайысында жазасын өтеушінің бірі Абай атамның

өлеңін жатқа айтып берсе, енді бірі Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер айтты. Сонымен қатар қазақтың салт-дәстүрі – «Көрісу», «Тұсау кесер», «Сүндет той» бойынша қазылар алқасына толық мәлімет берді.

Сайыс қорытындысы бойынша 290 ұпаймен «Жаңақала» тобы жеңіске жетті. Барлық жарысқа қатысушыларға ынтыландыру сыйлықтары мен диплом табысталды.



### ТӘЛІМДІ ТӘРБИЕ

## ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД №60 мекеменің психологиялық қамтамасыз ету тобының психологы жазасын өтеушілер арасында құм терапиясын өткізді.

Құм терапиясы – психология аясында пайда болған психотерапия әдістерінің бірі. Бұл – адамның әлеммен және өзімен қарым-қатынас жасау тәсілі. Шараның негізгі мақсаты – ішкі шиеленісті жеңілдету, өзіне деген сенімділікті арттыру және дамудың жаңа жолдарын ашу. Құм терапиясы терең, шынайы өзін-өзі ұстауға, психикалық тұтастықты қалпына келтіруге, өзінің ерекше бейнесін және әлем бейнесін жинауға мүмкіндік береді.

Шара барысында жазасын өтеушілерге психологиялық тренинг жаттығуларын жүргізе отырып, өз ойла-

рынаша түрлі суреттер салып, танымдық ойындар өткізу арқылы ашық пікір-талас ұйымдастырылды.

– Мен құм терапиясы арқылы балалық шағымна саяхаттадым. Балалық шақ – ең бақытты уайымсыз кезең. Өткен шақтың бақытты сәттерін еске алу керемет сезім сыйлайды. Әрі ойымыз бен ішкі сезімдерімізді әңгімелеу барысында босансып, жеңілдеп қалдым. Бізге осындай көңіл-күй сыйлаған психолог мамандарға алғысымыз шексіз, – деді сотталған.

– Аталған терапия арқылы адамның

шығармашылық, танымдық, интеллектуалдық қарым-қатынас құзіреттілігі дамиды. Олар қиындықты бір сәтте естен шығарып, өмірге жаңаша көзқараспен қарап, ойша жағымды жағдайларды ойлап жүреді. Мұндай терапиялық тренингтердің жазасын өтеуші азаматтардың ой-санасының өзгеріп, оң мінезінің қалыптасуына әсері мол, – дейді мекеме психологы Шынар Көлбаева.

Дана ДОСТАНОВА,  
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД



#### МЕНШІК ИЕСІ:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директордың м. а.  
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

#### РЕДАКЦИЯ:

Шеф-редактор:  
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА

Тілшілер:  
Гауһарай ЕСІМОВА  
Раушан НАРБЕК  
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Жыныс материалдары фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Елпи» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30  
Индекс: 65395  
Таралымы: 21676  
Тапсырыс: № 1576

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:  
ИИК – KZ74856000000147459  
БИЖ – KС18K2KX  
БИН – 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
010000, Астана қаласы,  
Мәйлін көшесі, 4/1.  
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,  
Ішкі нөмір 115  
www.mediaovd.kz  
Эл. пошта: saksfy@mediaovd.kz